

**«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-дегі медиация қызметінің
ұйымдастырылуы және жүзеге асырылуы
2024-2025 оку жылы**

Медиация қызметін ұйымдастыру және құрылымы

2024-2025 оку жылының басында «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-де білім беру ортасындағы қақтығыстарды шешу және алдын алу мақсатында мектепшілік медиация жүйесін ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды. Аталған бұйрыққа сәйкес, педагог-психолог Оразбекова П.М. жауапты тұлға ретінде тағайындалып, мектепшілік медиация қызметі (ММК) тобы құрылды. Сонымен қатар, медиация жұмысын жүйелі түрде жүргізу мақсатында арнайы кәсіби біліктілігін арттыру курсынан өткен Киселева Е.А. мен Исанкулова Г.Г. негізгі үйлестірушілер ретінде бекітілді.

Медиация қызметінің мақсаты мен бағыттары

Мектепшілік медиация қызметінің басты мақсаты – **медиативтік технологиялар арқылы оқу-тәрбие процесінде туындастырылу**. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін медиация қызметі келесі еki негізгі бағытта жұмыс атқарды:

1. Медиативтік технологияларды қолдана отырып, білім беру ортасында қауіпсіз орта қалыптастыруға қажетті базалық білімді енгізу
2. Оқу-тәрбие қызметі барысында туындастырылу жанжалдардың алдын алу және оларды конструктивті түрде шешуге ықпал ету. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін медиация қызметі келесі еki негізгі бағытта жұмыс атқарды:

Медиация қызметінің ұйымдастырушылық жұмыстары

Мектепшілік медиация қызметін жүйелі және нәтижелі түрде жүзеге асыру мақсатында бірқатар ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізілді:

- Қыркүйек айында мектепшілік медиация қызметінің жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, реңми құжаттары рәсімделді.
- Медиативтік көмек көрсету және кеңес беру процесін жүйелеу үшін арнайы кеңес беру журналы ұйымдастырылды.
- Қазан-қараша айларында мектеп ұжымы, ата-аналар мен білім алушыларға медиация қызметі туралы ақпарат берілді, бұл ақпарат мектеп сайтына орналастырылды.
- Желтоқсан айында 8, 9, 10-сынып білім алушылары арасынан арнайы дайындық жүргізілген жас медиаторлар тағайындалды.

Медиация қызметінің жүзеге асырылуы

Өткен оку жылының тәжірибесі көрсеткендегі, мектепшілік медиация қызметі бірқатар жүйелі жұмыстарды қамтыды:

- Мектеп ұжымы, ата-аналар және окушылар арасында медиация қызметінің маңыздылығы туралы ақпараттандыру жұмыстары жалғастырылды.
- **Мектеп қызметкерлеріне** түсіндіру жұмыстары семинар-кеңестер түрінде жүргізілді.
- **Ата-аналар үшін** жалпы ата-аналар жиналыстарында дәрістер ұйымдастырылды.

- Жоғары сыйнып оқушыларына арналған жағдаяттық мәселелерді шешу тренингтері өткізілді.
- Төменгі сыйнып оқушыларына медиативтік мәдениетті калыптастыру мақсатында сыйнып сағаттары ұйымдастырылды.
- Жоғары сыйнып оқушыларын медиация жұмысына тарту үшін арнайы іс-шаралар өткізіліп, олардың белсенді катысуына жағдай жасалды.
- Барлық өткізілген іс-шаралар хаттамаға тіркеліп, мектеп сайтына тиісті ақпараттар жарияланды.
- Мектептің 1-қабатында **медиация қызметі туралы ақпараттық бұрыш** жасақталды, онда медиативтік қызметтің негізгі қағидалары, медиаторлар туралы мәліметтер және байланыс деректері орналастырылды.

Медиация қызметінің нәтижелері және болашақ даму бағыттары

2024-2025 оку жылында оқу-тәрбие процесі барысында жанжалдық жағдайлар кездескенімен, олардың басым көпшілігі тараптардың өзара келісімі арқылы шешілді. Тек бір жағдайдаған (оқушы-оқушы арасындағы жанжал) ресми **медиативтік келісім** жасалды. Бұл көрсеткіш мектепте медиация қызметінің тиімділігін арттыру бағытында әлі де жұмыс жүргізу қажеттігін айқындайды.

Медиативтік технологиялардың енгізілуі нәтижесінде жанжалдардың алдын алу бойынша оң өзгерістер байқалды:

- Медиация қызметінің қажеттілігі туралы дұрыс түсінік қалыптасты.
- Әр сыйнапта өз **жас медиаторлары** тағайындалып, олардың жауапкершілігі мен рөлі нақты айқындала бастады.
- Оқушылар арасындағы түсініспеушіліктерді шешудің бейбіт жолдары қолданысқа енгізілді.
- Мектепте медиация мәдениетін дамыту арқылы оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығы мен психологиялық жайлышы қамтамасыз етіле бастады.

Әрине, медиация қызметінің тиімділігін толықанды деңгейге жеткізу үшін әлі де жұмыстар жүргізу қажет. Дегенмен, қазіргі таңда мектеп қауымдастырының медиация жүйесіне деген қызығушылығы мен қолдауы артып келеді. Болашакта бұл қызметті одан әрі жетілдіру және тиімділігін арттыру мақсатында қосымша тренингтер, тәжірибе алмасу шаралары және жаңа медиативтік әдістерді енгізу жоспарланып отыр.

Қорытындылай келе, мектепішлік медиация қызметі жанжалдардың алдын алу мен шешуде тиімді құралға айналып, оқу ортасында қауіпсіз және жайлыш ахуал қалыптастыруға ықпал етіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады және жетілдіріледі.

**«С.Сейфуллин атындағы
гимназиясы» КММ директоры**



Г.А.Джакипова